

ШЕКТЕН ШЫҚҚАН

ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚАДІРІ

Кейбір құндылықтар арзандап жатыр. Тіпті арзандауға болмайтын, адам үшін қымбат дүниенің өзі қасиетінен айырылуда. Мәселен, білімді айтайық. Бұрын мектепті «үздік аттестатқа» бітіру, «Алтын белгімен» аяқтау абырой саналатын. Осыдан он шақты жыл бұрын «Алтын белгі» иегерлері сол төсбелгінің арқасында емтихансыз оқуға түсетін. «Үздік аттестат» алған немесе «Алтын белгімен» мектеп бітіргендер университетке түскенде, өздерін жұрттан бөлек ұстаушы еді. Кеуделеріне алтындарын жарқыратып тағып жүргенде қызыға қарайтынбыз. Сондай төкаппар, маңғаз. Онысы өздеріне жарасымды-тұғын. Басқалар оларға қызыға да, қызғана қарайды.

Қазір оқушының 11 жылдық білімін әйгілейтін «Алтын белгінің» салмағы қалмағандай. Олай дейтініміз, OLX сайтында Алматы мектептерінің бірін биыл ғана бітірген түлек өзінің «Алтын белгісін» сатылымға шығарыпты. Хабарландыруда төсбелгіні 200 мың теңгеге бағалаған. «Тауардың» сипаттамасына мынандай жазба қалдырыпты:

«Алтын белгіні» бүгін ғана алдым (2020 жыл), шынайы белгі, дәлелдей аламын (құжаттары бар), салмағы – 23 грамм, егер қызықтырып жатса, жазыңыздар» депті.

Егер әлгі оқушы 11 жыл бойы көз майын тауысып оқып, «Алтын белгіні» адал еңбегімен алса, мұндай бассыздыққа бармас еді. Жеңіл жолмен келген дүние ме дейсін? Мейлі, қалай болса да, біліміне берілген төсбелгіні сату ақылға сыймайды. Бұл адам өміріндегі

ҚАШҚАНЫ МА?



Сегодня в 15:36

Алтын белги

200 000 тг. договорная

Состояние: Новый

Описание

Только сегодня получил Алтын Белги [2020 год], он настоящий, могу доказать [документы], вес 23 грамма. Если интересует, то вот мой ватсап

баға жетпес құндылықтың бірі емес пе? 200 мың теңге! Оқушы үшін аз ақша емес. Бірақ «Алтын белгісін» ақшаға сататындай тиыннан тарығып отырмаған шығар?

Әлгі сайтты ақтарып, «Алтын белгінің» тағы екеуіне тап болдық. Біреуін 35 мыңға, екіншісін 60 мың теңгеге бағалапты. Қор болған қайран марапат! «Алтын белгі» үшін күйіп-пысып отырсақ, мұнда төсбелгінің алуан түрі жүр. Саф алтындардың арасында «Еңбек ардагері» медалі, «Соғыс ардагері», «Ахмет Байтұрсынұлы» медалі мен «Қазақ хандығының 550 жылдығына» берілген төсбелгі де жүр! Ешкімнің күні алақандай темірге қарап қалмаған


шығар? Соғыстан кейінгі қиын-қыстау жылдары да аталарымыз бен апаларымыз ашқұрсак жүрсе де орден-медалін сатып, кастерлі құндылықтың қадірін кетірген жоқ. Мұны қарынның аштығынан емес, рухани жутандықтан туған бассыздық деген дұрыс болар. Әйтпесе, құндылық бұлай ашық саудаланып, арзандамас еді...

Жарас КЕМЕЛЖАН



ТАҒЫМ

ОСЫ ЖҰРТ ЖҰМАҒАЛИДІ БІЛЕ МЕ?



Көкшетау қаласының бұрынғы Левон Мирзоян көшесіне Алаш қайраткері, Жұмағали Тілеулиннің есімі берілгені өте орынды. Тарихтың әділдігі де осы. Жұмағали Тілеулиннің ұрпақтары «Л.Мирзоянның тұсында атамызды ату жазасына кескен еді, оның атындағы көше қазір біздің атамыздың атына ауыстырылғаны – ақиқаттың жеңгені» дейді. Шынында да солай.

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)

АПТАНЫҢ САУАЛЫ

35 МИЛЛИАРДТЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ БОЛА МА?

Карантин кезінде e-learning ең көп сауал тудырған мәселеге айналды. Қазақстандағы балалар неге теледидарға қарап сабақ оқыды, енді олардан қандай білім күтуге болады? Бұл сұраққа ешкім мардымды жауап қайтармады. Мектеп бағдарламасындағы барлық пәндер бойынша оқытудың осындай тәсілі білім берудегі олқылықтың орнын қалай толтырады? Ал жобаның құны – 35 млрд теңге! Бұл ақшаға Қазақстандағы тұрмысы төмен отбасылардың бәрін планшетпен қамтамасыз етуге болады. Әрі оның пайдасы көбірек болар еді.



Айқын ҚОҢЫРОВ,
Мәжіліс депутаты

РЕЙТИНГ

ҚАЗҰУ – ЕҢ ҮЗДІК 200-ДІҢ АРАСЫНДА



(Бұл туралы 4-беттен оқыңыз)

СҮБЕЛІ СӨЗ

Өткен сөнбінде Алматыда рұқсат етілмеген митинг өтті. Өзін «қоғам белсендісі» деп есептейтін Ася Телесова тапа-тал түсте тәртіп сақшысына тап беріп, төмпештей жөнелді. Оның полицияны ұрып жатқанын бейнелейтін видео әлеуметтік желіде тарап кетті. Кейбір әлемжелі қолданушылары мұны билікке, мемлекетке қол көтеру деп бағалады. Қыз баланың еркекке жұдырық ала жүгіруін ерлікке балап жатқандар да шықты. А.Телесова сот шешімімен 10 күнге қамалуға алынды.

Біздегі белсенділер еспеттейтін Америкада полицияға қол көтерсең, ол жерден аман қайтуың екіталай. Атып тастауға хақысы бар. Біздің заң жұмсақ. Тәртіп сақшысы тойтарыс берсе, әлгі белсенділер мен оларды қолдаушылар аттан салады. Алтынның сынығы деп ордақтап, жақсы-жайсаңның ұрпағы деп жарылқап жүргендеріміз мұндай әрекетке неге барады? Бұл заманның азып, ұрпақтың тозуы ма? Осы сауалды біз абыз ақсақалымыз, абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлына қойып көрдік.



Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
абайтанушы ғалым:

ҰЛЫЛАРДЫҢ ҰРПАҒЫ ҰСАҚТАЛДЫ

Полицияға қол көтеріп жүрген қыз Илияс Жансүгіров пен Ораз Жандосовтың ұрпағы дейді. Қазақтың мемлекеттігі үшін жанын қиған арыстардың, ұлылардың ұрпағы неге бұлай болды? Бұл ойланатын сұрақ.

Біз – мәнғүрттенген казактармыз. Голошкеин мен Сталин арнайы бағдарлама жасап, бізді мәнғүрттендірген. «Шыққан тегін, тарихын білмесін. Ол үшін бұлардың жазуын екі-үш рет өзгертіп, мәнғүрт, дүбара ұлтқа айналдырыңдар» деген. Мен соған түсіп қалдым. Орысшадан басқа түк білмеймін. Не латынша, не арабша оқи алмаймын. Кеңес үкіметі қалай алдаса, солай кеттік. Мен өзімді 100 пайыз мәнғүрттенген адаммын деп айта аламын. Бірақ есімді ертерек жинап алдым. Мәнғүрттіктен құтқарған жол – Өзбекстанда болуым. Ол жақта қандай кітап оқимын дейсін, бәрі ашық тұр. Бізде жабық болды. КГБ-ның рұқсатымен керекті кітабыңды табатынсың. Бірақ артына түсіп, ығырынды шығаратын.

Санаулы зиялылардың ұрпағы болмаса, мәселен, Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнар сияқты бірен-саран асылдың сынықтары болмаса, жалпы казак мәнғүрттенді. Әсіресе, казактың шокжұлдыздай ұлыларының көбінің ұрпағы ұсақталды. Бұлар не саясатты түсінбейді, не мемлекеттің жүйесін білмейді. Ешнәрсені білмегендіктен, түсінбегендіктен де бұлар қауіпті. Өйткені кім айтқатаса соған ереді, кім жел берсе, соның жағына жығылады. Олардың миында өздері кімнің сойылып соғып отырғанын түсінетін, ақ пен қараны ажырататын «программа» жоқ.

Митингілердің алдыңғы «шебінде» ылғи әйелдер жүр. Оларға біреулер ақша беріп, қаржыландырып отырған болуы да мүмкін? Қоздырушылардың құрбандығы сияқты көрінеді маған. Қазір ешнәрсеге тандануға болмайды. Оның үстіне, казак әйелдерінің табиғаты қатайып кетті, «еуропаланып» бара жатқандаймыз.

(Тақырыптың жалғасын
3-беттен оқыңыздар)





168 SAGAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

МІНБЕР

Әлем елдері бұл күнде шыбындай жанның есендігі үшін барын салып арпалысып жатыр. Қытайдан бас алған «аты жаман» індет әлемнің әр тұрғынын ұйқы-күлкіден айырып, алаңдаулы күйге түсірер деп бес-алты ай бұрын ешкім де ойлаған жоқ. Қазақ баласы «көппен көрген ұлы той» дегенді көбінде жақсылыққа жори айтатын. Өкінішке қарай, көппен бірге көрер қиыншылық біздің де елдің басына түскен сын сағатта ел Президенті мен Үкімет мүшелерінің ұйқы-күлкі көрмей, жұртымыздың бас амандығына жасап жатқан қимыл-әрекеттері жүрегіміздегі үміт шоғын үрлей түскеніне қуандық!

Әрине, ел басшылары мен қайраткер тұлғалардың тынымсыз әрекетімен қоса, жалпыхалықтың ынтымаққа ымыраласып, жұдырықтай жұмылғаны қажет! Ақпараттық кеңістіктің тым еркіндігі де «қорыққанға қос көрінетін» уақытта халықтың үрейін ұшыруға бейіл-ақ. Темірдей қатаң тәртіпке көшкеніне мойынұсынып, берекенің келекеге айналмауын әр қазақстандық азамат білуге және сақтауға тиіс екенін, өз денсаулығымен қатар Ұлт қауіпсіздігінің кепілі боларын

бермесек екен. Алаңға шығып, аттан салып айғайлағаннан ұлттың түгенделер ұпайын көріп тұрған жоқпын. Қысылтаяң шақта құлақ сарсытар қанқу сөзге ере кету – өркениетті қоғам өкілінің тірлігі емес екенін түсінер өреміз қайда?! «Ел бүлініп, Ертіс бұзылған жоқ!» Мән-мағынасыз «бейбіт шерулетіп», дәл осы тұста айғайға сүрен қосып, айтатқа үре жөнелердей еш негіз жоқ

тасығанын Самарқанды су алды деп еститін енжар құлақтық дәл біздің ұлт өкілдеріне жараспас. «Қорыққан – бойға құт» деген атам қазақ! Берекенің бұзылуынан қорқайық, жаман індеттің ел ішіне кең жайылуынан қорқайық! Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы салқынқанды саясаткер ретінде алыс-жақын елдердің пандемиялық апатпен күресудің озық тәжірибелеріне



ҚОРЫҚҚАН – БОЙҒА ҚҰТ

білген жөн. Тағдырдың талай ащы дәмін татқан, басынан өткерген аты жаман оба мен тырысқақты да жеңіп, аштық пен қастықты да көрген Алаш баласы осы бұлағай күндерді де артқа тастайтынына көңіл сенеді. Тұңғыш Президент – Елбасы да ел-жұртты берекеге шақырып, ұлтым дейтін азаматтарға тастап жатқан жауапты да сауапты үндеуі – көшелі Ұлт көсемінің көргенді де көреген саясаткерлігі! Осы ретте бір адамның жауапкершілігін атам қазақ «жалғыз қурай – жел жарар» деп бейнелеп айтқан екен.

Мамыражай күнде май кекіріп отырып, той-томалақты да доғара тұруға сабыр-шыдамымыз жететін ел емес пе едік?! Карантин режимін сәл босансытқанға жапа-тармағай ашық-шашықтыққа көшуге әлі ерте екенін ескерткен Ел үкіметінің сөзін құлаққа неге ілмейміз?! «Қорыққанға қос көрінетін» уақытта бәзбіреулердің «көршінің өртенген шөбіне бас, сирақ үйітіп» алғысы келетін пасық пиғылына ере кетуге жол

секілді. Сол «алаң аңсаған» ағайындардың мына пандемиялық жағдайда жалпы көптің денсаулығына кепілдік бере алмайтыны бесенеден белгілі. Тым болмағанда, атың өшкір індеттің ауыздықталуына әрқайсымыздың жауапкершілікпен қарауға сана-сезіміміз жетпесе, сол Елдігімізге үлкен сын! Тіпті әлемді әбігерге түсірген жұппалы дертке қоғам арасында әлі күнге сенбейтіндердің қарасы көбейгені жаныңды қынжылтады. Дүниежүзін алаңдатқан, шаруасын шатқаяктатқан пандемиядан саяси астар іздеудің көкірек көзі ашық қазақ баласына ұят тірлік екені жаныңды ауыртады. Мемлекеттік шекараң шегенделіп, көк аспанда қыран қанатты байрағын желбіреп тұрғанда қара аспанды төндіру, жанбыр жаумай су болу – қаншалықты ақылға сыйымды?! Кейде «ат шапқанға ит шапқан» тірлікті доғара алмай қалатын елміз бе деймін. Ынтымақты ыдырамай тұрып ойлаған ата-баба ұрпағы емес пе едік, самаурын

сүйене отырып, елдегі жағдайды барынша халқымызға тиімді жақта қарастырып, тиісті тапсырмалар мен шектеулерді қолға алғаны көкейге қонымды іс болды. Енді осы нақты шаралардың оң нәтижелерін көруіміз үшін жұдырықтай жұмылғанымыз абзал болар. Саналы халық өкілі ретінде, әр отандастың азаматтығы мен ары сынға түскен шақта, тағы да «малың менен жаныңды садаға» деп ардың туын көтерген Алаш баласының берекеге ұйып, тәртіпке бағынып, жамандықты амандық жететін жарқын күндерге бірге жетейік. Түндеріңіз тыныш, күндеріңіз мамыражай болсын, Алаш баласы!

Дәулеткерей КӘПІЛЫ,
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері



Сөз-Жебе



Нұрлан НЫМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

«Не болды? Ақшаны оңды-солды шаштыңдар. Ал елде ауаның ластануы әлі де проблема. Экология министрі (М.Мырзағалиев) бұл мәселені жіті қадағаламаса, басқа кім жауапты болуы керек? Мемлекет ақшаны берді, ол болса, өзінің қауқарсыз екенін көрсетті. Бір бағдарламаны басқа жобамен шатастырды. Мағзұм Маратұлы, егер соланы білмесеңіз, қайтадан оқу керек. Үкіметтегі өріптесіңізден көмек сұрап, лекция тыңдаңыз. Сізден мұндай жауап бергеніңіз – ұят».

Аптаның айтары

Алтай КӨЛГІНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

«Біріншіден, қоғамдық орындарда, азаматтар көп шоғырланатын жерде міндетті түрде медициналық масканы тағу қажет.



«Екіншіден, қарапайым гигиеналық нормаларды сақтауды ұмытпауымыз қажет. Әсіресе балаларға айтып, отбасымыз бен жұмысымызда да осы тәртіпті бұзбауымыз керек. Үшіншіден, азаматтар көп шоғырланатын жерге барудың қажеті жоқ және де аралықты сақтауға міндеттіміз. Тек сонда ғана біз вирустан құтыламыз».

Қаржы

АМЕРИКА ҚАРЫЗҒА БЕЛШЕСІНЕН БАТТЫ

АҚШ-тың мемлекеттік қарызы тағы да «рекорд жаңартып, 26 триллион долларға жетті. Құзырлы орындар мұны коронавирус кеселіне қарсы күресте жұмсалған шығынның көбеюімен түсіндіреді.



Әлемдік ақпарат құралдары хабарлағандай, өткен айдың басында мемқарыздың көлемі 24 трлн доллар болған. Сарапшылар Дональд Трамп билікке келгелі берешек мөлшері 6 триллионға көбейгенін айтады. Сондай-ақ, елде жұмыссыздар қатары да молайып, 14,7 пайызға жетті. Бұл – 1933 жылғы Ұлы Тоқырау дәуірінен кейінгі ең жоғары көрсеткіш.

Әлеумет.т⁰



«ШПАРГАЛКА»: ОҚУШЫДАН ҰСТАЗЫ ОЗЫП ТҰР

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бұрынғы министрлер сияқты емес, БАҚ-та белсенді. Күн құрғатпай көрініп жатады. Басшылардың сүйікті тәсілімен ауыз толтырып уәде бермесе де, «Бүйту керек, сүйту керек», «Былай болуы тиіс» деп бітпейтін «керек» пен «тиісті» көгенге тізуге үйір. Бірақ білім жүйесі әлі шалажансар күйден арылар емес.

Әңгіме былай: Ақтөбеде мұғалімдер аттестациялаудан өткен ғой. Тест тапсыру кезінде, ешкім ойламаған қызық жағдай болыпты. Әдетте, жыл сайын болатын ҰБТ кезінде оқушылар «шпаргалка» пайдаланып, ұсталып жатушы еді. Оған етіміз үйренген. Оның үстіне, мұны баланың ісі ғой деп, кешіріммен қарайтынымыз тағы бар. Ал сол оқушыға сабақ беретін мұғалімдердің «шпаргалкамен» ұсталғанын естідіңіз бе? Естімеген елде көп. Ондай да болады екен.

Ақтөбеде сондай біртүрлі «ұрлық» болыпты. Тестілеуге қатысқан екі мұғалім сұрақтан қатты қиналса керек, «шпаргалка» пайдаланбай ма. Маскара болғанда ұсталып қалыпты. Ал бір мұғалім ұялы телефон қолданамын деп ұятқа қалады. Әлгілердің үшеуі де тестілеу орталығынан қуылып, абыройлары айрандай төгіліпті.

Ұстаздардың жеңіл жолды таңдағаны бір жағы күлкілі болғанымен, бір жағынан ойландарлық жәйт. Біз балаларымызды сол мұғалімдерге оқытсын-тоқытсын деп берген жоқпыз ба? Мына жадайдан кейін әрқайсымыз үйімізде өсіп жатқан ұл-қызымызға қандай ақыл айтамыз? «Біреуден көшірме», «жеңіл білім азық болмайды», «шпаргалка» пайдаланба! деп айтып көріңізші! «Мұғалімнің түрі анау», «шпаргалка» пайдалануды солардан үйрендім!» десе, не дейсіз? Тіліңді тістегеннен басқа шараң бар ма?!

Мұның бәрі неден шығып отыр? Білім жүйесіндегі бітпейтін реформа мен оқулықтың сапасыз екенін айта-айта жауыр болды. Мәжіліс депутаты Айқын Қоңыров мұның бір себебін былай түсіндіріпті:

«Білім жүйесінде соңғы 10 жылда 5 министр ауысты. Жылда бір реформа. Одан не өзгерді? Сауатсыз екі ұрпақ өсіп шықты. Жыл сайынғы реформалар мен министрлердің ауысуы экономикаға да кері әсерін тигізіп жатыр. Нарыққа түк керегі жоқ мамандарды оқытып шығардық. Халықтың тұрмысы мен әл-ауқатының жақсаруына білімсіз ұрпақ, білім жүйесіндегі сапасыз реформалар кесірін тигізіп жатыр» - депті. Жөні бар сөз. Білімі мықты елдің әл-ауқаты күшті, экономикасы тұрақты болатыны бастауыштық білімі бар адамға аян шаруа.

Асылы, мұғалімнің «шпаргалка» пайдаланғаны негізінде таңданатын жағдай емес. Жақын танысымыз бар еді. Жоғары білім алмаған. Мектепті әрен бітіргенін айтып күліп жүретін. Былтыр сол жігіт қайын жұртының көмегімен Жетісайдағы әлдебір оқу орнының дипломын алған ғой. Сырттай бітірді ме, басқа жолын тапты ма, ол жағын сұрамалық. Өзі де ашып айтпады. Мектеп бітірген он шақты жылдан бері бірде құрылыста кірпіш қалап, бірде базарда арба сүйреп жүрген адам аяқ астынан дардай мұғалім болды да шықты. Өзіміз де аң-таң болып қалдық. Анау-мынау емес, биология пәнінің мұғалімі! «Биология деген не? Қайтіп сабақ беріп жүрсің?» – деп әзіл-шыны аралас сұралық. Көңіліне кір сақтамайтын жігіт еді, ренжімеді. Биология оқулығын қолына алып: «Міне, былай!» деп, бір бетін судыратып оқып берді. Біз рахаттанып күлдік, өзі де мәз! Әлгі Ақтөбедегі маскара болып, «шпаргалкамен» ұсталып қалған ұстаздар менің осы танысым сияқтылар емес пе екен?

Жарас КЕМЕЛЖАН

Инфографика

ҚАРЖЫНЫ ИГЕРМЕГЕН ӨҢІРЛЕР



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
3,4 млрд теңге

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
2,7 млрд теңге

ПАВЛОДАР
2,6 млрд теңге

ҚЫЗЫЛОРДА
2,4 млрд теңге

ҚАРАҒАНДЫ
2 млрд теңге

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ
1,6 млрд теңге

Дереккөзі: қаржы министрлігі 09.06.2020 жылы



Жәмила НҰРМАМБЕТОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Менің сұрағым білім және ғылым министріне арналады. Үкіметтің есебіне сүйенсек, білім министрлігіне 30 университетте коворкинг орталығын ашу үшін 663 млн теңге берілген. Ол ақша мақсатты трансферт арқылы Ұлттық қордан бөлінген. Бірақ бұл қаражат 100 пайыз игерілмейті, яғни университеттерде бірде-бір коворкинг орталығы ашылмаған. Оның себебі – коворкинг орталық ашуға деген сұраныс жоқ. Сонда ол орталықтарды университеттер басқа қаражат есебінен аша алатын болса және сұраныс мүлде жоқ болса, Ұлттық қордан қаражат бөлудің не қажеті бар еді?»

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
білім және ғылым министрі:

«Осы мәселені институционалды түрде бекіту үшін бизнес-инкубатормен 30 университетте 30 орталықты ашу көзделді. Бірақ 663 млн теңге бюджетке қайтарылған болатын. Біз осы ретте бір нәрсеге көз жеткіздік. Коворкинг орталықтарын жекеменшік қор немесе бизнес есебінен ашуға болады».

БІР САУАЛ

БІР ЖАУАП

Өз ойым

Қайсыбір жылы Өзбекстанның Әндіжан аймағынан келген төрт жігітке үй салдырдым. Әңгіме әлгі жігіттердің еңбекқорлығы туралы емес, мемлекетшілдігі хақында болмақ. Жалданып нан тауып жүрген адамда қайдағы мемлекетшілдік деменіз. Оданда оқыңыз!

Жұмыс кезінде бос сөз сөйлеп, уақыт өткізбейді. Әркім өз жұмысымен айналысады. Түскі ас кезінде Өзбекстандағы соңғы жаңалықтар, ел мен жердің жағдайы туралы өзара кеңес құрады. Мені өзбекше түсінбейді деп ойласа керек, кейбір құпия саналатын әңгімелерді де сапырады-ай келіп. Ұйғыршаны жақсы білетінім бар еді, өзбекшені де түсіну қиын болмады. Бірер аптадан кейін құлақ үйренді, өзәғаларымның әңгімесін жүде қиындықсыз түсіне беретін болдым.

Әлгі жігіттер өзара әңгімелескенде Кәрімовтың халыққа жасаған жақсылығын тамсанып тұрып айтады (*Өзбекстан президенті Ислам Кәрімов сол жазда қайтыс болған-ды*). Қазіргі басшылары Шавкат Мирзияевтың шыққан тегін, билікке калай келгенін, енді калай жұмыс істейтінін өздерінше талқылап, долбар жасап отырады. Саясат десе езуіміз көбіктеніп кететін әдетіміз бар. Аз уақыттан кейін әлгілердің әңгімесіне араласамыз. Сонда байқағаным, арып-ашып, азып-тозып, баска елде біреуге жалданып жүрсе де, өзбек жігіттері өз елінің президентін, мемлекетінің жүргізіп

отырған саясатын еш жамандамайды-ау, шіркін! «Бізде хәммасы яхшы!», «Өзбекстан Орталық Азиядағы ең бай мемлекет болады Құдай қаласа!» деп мақтанып тұрады. «Бәрі аштығын білдірмес, сыртқа жүнін кампайтар» дегендей, осында үй салып, арба сүйреп жүрген қай өзбекті көрсеніз де, сыртқа жүнін кампайтып, мемлекетін ешқашан жамандамайды. Мақтап отырады. Соған көзім жеткен. Мұны неге айтып отырмыз? Соңғы жылдары шетелді, әсіресе, АҚШ пен Еуропаны жақсы көретін

жастар көбейіп барады. «Жұмақ Америкада, бейіш Еуропада» дейтін жастардың дені елдердегі жақсы өмірді ғана сөз етеді, көленкелі тұсын көрмейді, көргісі келмейді. Осы тақырыпты таратып жазайық деген оймен шетелден оқып келген курстас қыз-жігіттерге хабарластық. Атын атап, түсін түстеуден аулақпыз. «Болашақ» бағдарламасымен Еуропадан білім алған бір қыз: «Тапсырма қай жактан түсті?» демесі бар ма! — Ешқандай тапсырма емес. Біздің ой АҚШ болсын, Еуропа елдері болсын, сол жактағы көрген-білгендерінді: барды — бар, жоқты — жоқ деп айтып берсендер, — делім. — Ол жакта бәрі тамаша! — деді. — Бәрі тамаша екенін мен де сеземін. Бірақ ол жакта да қайыршы бар шығар? Көшеде жататын маскүнем мен жұмыссыздар бар ғой. Тіпті гейлер

көшеде ашықтан-ашық құшақтасып жүреді дегендей. Сол жағын айтып берсең, — делім. — Маған сабақ берген оқытушым гей. «Күйеуі» бар. Ортақ балалары да бар. Гей болғанда тұрған не бар? Мен үшін гей деген түк тансық емес, — деп қарап тұр. Олан ары сөз таба алмай қалдым. Бар айтқаным: «Қазақ ауылында туған қыз едін. Қазақ дәстүріне, қазақы тәрбиемен сусындап өсіп едің, халқымыздың ұғым-түсінігімізге жат қылықты жатсынбай тұрғанына таным бар? Сені түсінім келеді. Бірақ түсіне алмадым», — делім. Әңгіме сонымен тәмам болды. Еуропадан оқып келген тағы бір курстас досыма қоңырау шалдым. Бұрын ұлттық

дейсіндер. Соның бәрі бос былжырақ. Мен үшін бұрын қорқынышты саналатын гей, көгілдір, педофил дегендердің бәрі қалыпты адам екен. Оларға үрке қараудың жөні жоқ. Гейді құбыжық санау — солай ойлайтындардың проблемасы. Елді аузына қаратқан данышпандардың көбі гей болған. Мысалы, израильдік әйгілі тарихшы Юваль Ной Харари да гей», — деп, ешнәрсеге, ешкімге шан жуытқысы келмеді.

«МИЫНА МЫҢ-МИЛЛИОН ИНЕ БОЛЫП ҚАДАЛЫП, ӨЗ ЖАНЫН ӨЗ ШАШЫ ШАБАҚТАҒАН МӘҢГҮРТТІҢ АЯНЫШТЫ ХӘЛІ МӘЛІМ. АЛ КӨЗҚАМАНДАР БІЛІМДІ, АҚЫЛ-ЕСІ БҮТІН, ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ МЕН ЭКОНОМИКАСЫНАН СӨЗ ҚОЗҒАҒАНДА ЖЕЛДЕЙ ЕСЕДІ. ТІПТІ, КІТАП ТА ЖАЗАТЫН САНАСЫ БАР. БІРАҚ ОЛАРДЫҢ БІЛІМІ ӨЗ ҰЛТЫНА ЖАНАСЫМЫ ЖОҚ КОСМОПОЛИТТІК БІЛІМ. КӨЗҚАМАНДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ МҰРАГЕРЛЕРІ ӨЗ АНА ТІЛІН БІЛМЕЙДІ. ХАЛЫҚТЫҢ САЛТ-САНАСЫН МАНСҰҚТАЙДЫ. ЕЛІНІҢ ТАРИХЫН ҚАДІР ТҰТПАЙДЫ. ЕҢ ҚАСІРЕТТІСІ СОЛ, ЕЛІНДЕ БОЛЫП ЖАТҚАН ҚҰБЫЛЫСТАРҒА ӨЗ ҰЛТЫНЫҢ МАҚСАТ-МҰРАТЫ ТҰРҒЫСЫНАН ЕМЕС, БАСҚА БІР ЕЛДІҢ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ДҮНИЕТАНЫМЫ БИІГІНЕН ҚАРАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ӨЗ ҰЛТЫ БЫЛАЙ ТҰРСЫН, ӨЗІН ТУҒАН АТА-АНАСЫН ТАНУДАН ҚАЛАТЫН БЕЙШАРА МӘҢГҮРТКЕ ҚАРАҒАНДА КӨЗҚАМАН ӘЛДЕ ҚАЙДА ҚАУІПТІРЕК. ОСЫ ЖАҒДАЙ ЖАНЫМДЫ ҚАТТЫ ҚИНАЙДЫ»

Рахманқұл БЕРДІБАЙ

ӨЗ ҚАМАНДАР

отырғанымды түсінесіз, — деп сөзін түйіндеді. Әңгімеміздің басында бізге келіп үй салып жүрген өзбектердің мемлекетшілдігін айтып едік. Біздің шетелге барып оқып жүрген, Қазақстанның ақшасымен білім алатындардың бәрі мемлекетке сол өзбектер құрлы қызмет қылып жатыр ма? Әй, қайдам? Қазақстанды Америкамен, Еуропамен салыстырып, қит етсе, сол жакқа «кету керек» дейтіндер өз елінің кемшілігін тергенде алдарына жан салмайды. Осындай жастардың пиғылын көрсе, марқұм Шер-аға «Бұл да бір кем дүние» дер ме еді...

Жарас КЕМЕЛЖАН

Бір пікір

(Тақырыптың жалғасы. Басы 1-бетте)

НЕГЕ СОНША БҮЛІНДІК?

Осы аптада әлеуметтік желідегі оқырман өкіге бөлініп, революция кезіндегі ақтар мен қызылдар сияқты қырылысты. Даудың басы — Шымкент қаласындағы «ALAS FILM» түсірген «Жезөкше» бейнеролигі.

Мұндағы ең басты негізге алғаны — ұлттық болмысымызға жат киім үлгісі көрсетілген. Қысқа белдемше — «мини юбка» жайлы. Асықпай бейнероликті көріп шықтым. Үш-төрт рет қайталап қарадым. Содан соң әлеуметтік желідегі пікірге назар аудардым. Сонда байқағаным, бір топ бірігіп оқып «Сәлафиттер қазақ қыздарымен соғысуда» десе, енді бірі «Имандылық шүберекте емес, жүректе» деп ұран тастауда. Содан ауыр ойға қалдым. Оқырман фильмнің мазмұнына емес, тақырыбына ғана назар аударып, байбалам салуда. Сіз өзіңіздің анаңыздың, әйеліңіздің, қарындасыңыздың немесе қызыңыздың қысқа юбка кигенін қалар ма едіңіз?!



білмейтіндер де жетіп артылады екен. Қай уақытта да ұлттық мүдде мен қазақ өнеріне қатысты ой-пікірімді айту — азаматтық парызым деп есептеймін. Қазіргі кезде әлеуметтік желіге қомақты қаржы бөліп, қазақ ұлтын жою үшін атсалысып жатқан, жасырын, ұйымдасқан қылмыстық топ бар-ау деп те ойлайтын болдым.

Қалдыбек ҚҰРМАНӘЛІ, композитор

Оқшау ой

Өткенде Данияр деген журналист бір пост жазды. Тараздағы шу шығарған аналар жайлы. Ай сайын алды 300, қалғаны 220 мың теңге көлемінде түрлі жәрдемақы алатынын айтты. Өз басым митингке қатысып көрген емеспін. Бұл менің қорқақтығым, не ел мәселесінен шет қалғандығымнан емес.

Митинг мәдениетін менгермегенімізден. Митингке шығудың соны жанжалға, арандатушылыққа ұласып кетеді. Ал «ақша жоқ» деп шулайтын, елді шулататын аналарды түсіне алмадым. Маған сол кісілер маникюр-педикюріне

КҮЙЕУЛЕРІҢІЗ ҚАЙДА, ЕРЕУІЛШІЛ ӘЙЕЛДЕР?



ақша таппай қалған кезде көшеге шығатындай боп көрінеді. Олай дейтінім, осы шеруге шығушыларды «қаржыландыратын арнайы қор құрылып, шу шығарған аналарға ақша төлейді екен» деген сыбыс естідім бүгін. Шынымен мұқтаж жандар көшеге шықпайды, менің ойымша. Олар көшеге шықпақ түгіл, бүгін тамағымды қалай табам деп бас қатырады, негізі. Тағы бір ойым, сол

көшеге шыққан аналардың күйеулері қайда екен деген сауалға тіреледі. Рас-ау, сол көшеге шығып, шулайтын көпбалалы аналардың күйеулері қайда екен?

Ержан ЖАУБАЙ, журналист

Рейтинг

Рейтинг Эл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Н.Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде 2 қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты. Қазақстандық университет QS жандық рейтингінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді.



ҚАЗҰУ – ЕҢ ҮЗДІК 200-ДІҢ АРАСЫНДА

Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтинг агенттігі әлемнің жоғары оқу орындары бойынша зерттеудің биылғы жылғы нәтижелерін жариялады. QS аналитикалық есебінде атап өтілгендей, әл Фараби атындағы ҚазҰУ 42 орынға ілгерілеп, жаһандық рейтингте 165-орынды иеленді және «әлемнің ең үздік 200 университеттерінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны болды».

Посткеңестік елдерден тек екі университет қана осы топқа еніп отыр – М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Әлемдік жоғары білім беру тарихында бұрын-сонды болмаған қарқынды дамуды көрсете отырып, 9 жыл ішінде университет шамамен 500 орынға алға жылжыды. Әлемдік

«Майкрософт» компаниясы ҚазҰУ цифрлық моделін ең озық тәжірибелердің бірі ретінде таныды. Университетте «Ғылыми идеядан бастап оны коммерциализациялауға дейінгі» технологиялық дәліз құрылған. Оны тиімді пайдалану арқасында университетте 5 жыл ішінде ғылыми жобалар көлемі 2,5 есеге артты. Халықаралық рейтингті жоғарғы журналдардағы қазақстандық авторлардың әрбір бесінші жарияланамы – ҚазҰУ ғалымдарының үлесі. Соңғы 5 жылда университет инфрақұрылымының жалпы аумағы 50% пайызға дейін өсті.

БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ жана буын университетінің «Университет 4.0» моделін жасап енгізді. Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде таныстырылған «Университет 4.0»



TOP UNIVERSITIES

QS World University Rankings 2021



# RANK	UNIVERSITY	LOCATION	COMPARE	STARS
2021 ▼	AI- Q	By location ▼	↓	☐ Rated only
164	 The University of Exeter More	United Kingdom	☐	
165	 Al-Farabi Kazakh National University More	Kazakhstan	☒	
-166	 University of Rochester More	United States	☐	
-166	 University of Waterloo More	Canada	☐	
168	 National Tsing Hua University More	Taiwan	☐	
-169	 Texas A&M University More	United States	☐	

рейтингте қысқа уақыт ішіндегі мұндай бірегей іштерілеу «Әл Фараби атындағы ҚазҰУ феномені» деп талпытып, шетелдік сарапшылар назарын өзіне аударғты. Қазақстандық жоғары оқу орны қарқынды дамуының жарқын үлгісі халықаралық академиялық ортада белсенді түрде талқылануда. Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары ҚазҰУ-дың оң тәжірибесін қолданысқа енгізуде.

Әлемдік рейтингте жеткен биік жетістікте университет ректоры, академик Ғалым Мұтановтың басшылығымен ҚазҰУ-дың жандық бөсекеге көбілеттілігін арттыру бойынша университет ұжымы атқарған қыруар жұмыстар тұр. Кәсіпкерлік тұрғыдан кешенді құрылымдық модернизациялау жүзеге асырылып, нәтижеге бағытталған басқару жүйесі енгізілді. Алдыңғы қатарлы шетелдік университеттермен бірлесе қос диплом бағдарламасы және ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуы, соның нәтижесінде Қазақстан бойынша ең көп шетелдік студенттер ҚазҰУ-да білім алуға. Төрт соңғы жылдың өзінде олардың саны 15 есеге өсті.

моделі халықарылық деңгейде кеңінен таратуға ұсынылды. ҚазҰУ әлемнің 12 елінде әл Фараби орталықтарын ашты.

Қазақ ұлттық университетінің әлемдік білім беру кеңістігіндегі көшбасшылық деңгейі басқа да халықаралық рейтингтік агенттіктерде көрініс табады. ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 экологиялық және ен озық технологиялық университеттердің үздік 50 тобына кіреді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы рейтингінде ҚазҰУ «AA+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және іслем әлеміндегі ен үздік университет ретінде танылды.

QS рейтингінде Массачусетс технологиялык университеті көш бастайды, екінші жөне үшінші орында сәйкесінше – Стэнфорд және Гарвард университеттері (*барлығы АКШ-тың жоғары оқу орындары*). Ең үздік әлемдік жоғары оқу орындарының ондығын толығымен американдық және британдық жоғары оқу орындары құрайды.

Айдос КҰСАЙЫНҰЛЫ

Өмірдің өзінен

Өмірдің өзінен

Қол көтергеніміз сол еді, қасымыздан құстай ұшып бара жатқан көршіміз көлігін шикылдатып барып, кілт тоқтады. Қайда баратынымызды сұрамастан:

– Отырындар. Ташкенскийге дейін ала кетейін, – делі мойнын бүрмастан. «Ташкенский» деп отырғаны – қазіргі Райымбек даңғылы. Жұрттын жады жақсы-ау деймін, ескі атын әлі ұмытпай жүр.

– Ал кеттік, – деп біз де көлікке секірдік.
Біз отырған сәттен бастап әлгі көршіміз жылдамдықты асырып, бірнеше рет алдында кетіп бара жатқан көлікті соғып кете жаздады. Әпкем екеуіміз жанымызды шүберекке түйіп, бүрістік те қалдық. Көршіміздің мас екенін сонда ғана байқадық.

— Неге ішіп алып рульге отырасыз? Полицияға ұсталсаңыз, қиын болады ғой, — дедім бір жағы жаным ашып, бір жағы мына жүрісінен қорқып.

— Ой, карындасым, корыкпай-ак кой! Правам да жок. Үш жылга «ишенигег» кеткен. Ұсталып жатсам, «бір звонок». Таныстарымның бәрі ГАИ-де істейді, — деп тарк-тарк күлді.

Бағдаршамға жетіппіз. Токтап тұрған сәтті пайдаланып біз де түсіп қалдық. Көршіміз көлігін жын ұрандай айдады да алысқа ұзай берді. Біраз күн өткеннен кейін әлгі ағамыздың өзі де, көлігі де көрінбей қалды. Сөйтсе, мас күйінде ұсталып, мәнінесі айып тұрағына қойылыпты. Өзін токсикологиялық аурухана

машина жүргізгені жол-патруль кызметкерлеріне күдікті көрінген. Бірден қурықтаған. Енді ол су жаңа көлігінің қызығын көре алмайды. Себебі соң өлі азаматты 15 тәулікке қамап, 7 жылға көлік жүргізу құқығынан айыру туралы шешім шығарды. Айыпты азамат бұған дейін ұзақ рейстерге жүретін жүк көлігін тізгіндеген. Енді ол да жоқ. Басқа жұмыс іздеуіне тура келеді.

Көлiктi мас күйiнде жүргiзетiндердiң арасында ер адамдардан бөлек, нәзiк жандылар да көп. Сондай бiр оқиға осындай бiр ай бұрын Түркiстан қаласында орын алды. «Түркiстан облысының тұрғыны мас күйiнде көлiк жүргiзген үшiн 7 жылға жүргiзүшi куәлiгiнен айырылды», — деп жазды Polisia.kz. Төле би аудандық полиция бөлiмiнiң жол-патрульді полиция инспекторлары карантинге байланысты Ленгiр қаласында орналасқан бөл-бекетте BMW автокөлiгiн тоқтатады. Көлiк тiзiгiндеген қыз полиция қызметкерлерiнен жолдың қоршауын алып тастауды талап етедi. Құжаттарды тексеру кезiнде, полиция қызметкерлерi жүргiзүшiнiң мас екенiн байқайды. Төртiн қасшылары оның көлiктен шығуын сұрайды. Алайда бойжеткен заңды талапқа бағынбай, дәрекi қылққа басады. Полицейлер жүргiзүшiнi ұстап, Түркiстан облыстық наркологиялық диспансерге жеткiзедi. Ақырында ащы суды iшкенi расталды. Сөйтiп, 7 жылға көлiк жүргiзү қуқығынан айырылып, 111 120 теңге көлемiнде айыппұл төлейтiн болды.

Былтыр Алматы облысында полицейлер жол талғамайтын көлікті айдап әкеткен 41 жастағы әйелді ізін суытпай ұстаған болатын. Оқиға Қарасай ауданында болды. 30 жастағы алматылық Косөзен кентінде «Тойота Сюрф»

АБАЙЛАҢДАР, МАС ШОПЫР!



жатқызыпты. «Бір звонок» таныстары да көмектесе алмаған-ау.

Жақында араласып жүрген достарымыздың бірін туған күні болып, кафеде бас қостық. Көңілді отырыстың көркін қыздырығыс келгендер ак қайнары бар, баскасы бар ішімдіктің түр-түрінен дәм татты. Дастархан басында отырған бір танысымыздың келіншегі де, өзі де вискиден бас тартпады.

– Көлік тізгіні кімде? – деген сұрағымызға, әйелі:

– Қайтарда көлікті мен жүргіземін, вискиге кола араластырсаң, ісі шықпайды, – деп бәрімізге ақыл үйретіп отыр.

— Рас па? — деді

отырғандар.
Кейбіреулері
шынымен сынап
көргісі келгендей
ойланып қалды.
Біз үндемей,
ішімізден сан түрлі
ойдың жетегінде
кеттік. Өйткені мас
күйінде көлік жүргізіп,
жол апатына түскен
жаналықтар жиі естиміз.
Өз өмірімізнен бірге өзге
жанның амандығына
қауіп төндіретін мұндай
оқиға қаншама?

Шынында да, қоғамда қызу пікірталас тудыратын өзекті мәселенің бірі — мас күйінде көлік жүргізу.

Биыл 1 кантардан бастап заң күшейтілген. Президент сан бұзушыларды түрмеге отырғызып, айыппұл салып, көлік жүргізу құқығынан өмір бойына айыру керек деген болатын. Осыған орай, мас күйінде көлік тізгініне отырған жүргізушілерге қатысты тың деректерді ақтарып көрдік. Сөйтсек, заң күшейтілгеннен жарты жылға жуық уақыт өтсе де, «жұтып алып» рөлге отыратындардың саны азаймапты.

Мас күйінде көлік жүргізетіндер туралы тың ақпаратты Polisia.kz. сайтынан да көзіміз шалып қалды. Енді сол ақпараттарға тоқталып кетейік.

4 маусым күні Chevrolet Cruze көлігін мас күйінде тізгіндеген петропавлдык тұрғын ұсталды. Сабазын сол күні жаңа көлігін достарына жуып, дүкенге шарап алуға келген екен. Оның рульге отырысы,

автокөлігін белгісіз біреудің ұрлап әкеткенін айтып, шағым түсіреді. Полицейлер жол талғамайтын көлікті бірден тапты. Оны ішімдік ішкен әйел тізгіндепті.

41 жастағы Талғар ауданының тұрғыны «көлік ұрлады» деген күдікке ілінген. Ол қонаққа келіп, көшөре шыққан соң тұрақта тұрған қол талғамайтын көлікті байқап қалған. Көліктің есігі ашық жөне от алып тұрған. Әйел мас күйінде рульге отырып, Алматыға қол тартыпты. Полицейлер 30 минуттың ішінде ұрыны ұстады. Өткен жылы алматылық 27 жастағы қыз рульге ұйықтап кетіп, бір адамды жазым еткені де

**Ерлан
ҒЫМБАЕВ,**
стер министрі:

«...іміздегі жол-көлік
арының негізгі себебі
ші тәртібінің төмендігі.
ін жолда 2,5 мың адам
мыңнан астам адам
ы. Бұл жылдамдықты
ті қозғалыс және т. б.
әткілікті дәрежеде
різү мәдениеті
таспай отыр».

Жандос
Мұратәлиевтен сұраған болатын. Ол бірден
сұрағымызға жауап беріп, биылғы жылдың 5
айының көрсеткішін ұсынды.

Биыл 5 айдан ішінде Алматыда 359 жүргізуші
мас күйде көлік жүргізгені үшін Қазақстан
Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық
кодексінің 608-бабы бойынша әкімшілік
жауапкершілікке
тартылыпты.

Айта берсен,
мұндай
оқиға
көп. Зан
күшейсе
де, занға
бағынғысы
келмейтіндер
көбейе түскендей. Оларды
тоқтату үшін, бәлкім, басқа бір
жолын табу керек шығар?

**Мақпал
НОҒАЙБАЕВА**



Онлайн-талдау

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан мен Украина арасында тарихи ұқсастық көп. Соның ішінде көпвекторлық саясат, осы елдерге деген алпауыт мемлекеттердің мүддесін айрықша атауға болады.

Бүгінде коронавируспен байланысты туындаған дағдарыс жағдайында да қос мемлекет геосаяси ықпалдар қайшыласатын аумақта отыр. Әлемдегі қос алып – АҚШ пен Қытай арасындағы текетірес күшейген жағдайда бұл екі ел қандай ұстанымды таңдайды? Пандемия мен экономикалық дағдарыс аяқталғаннан кейін ғаламшар қандай күйге енеді? Осы және өзге де сауалдарды украин сарапшысы Андрей Бузаров онлайн-әңгімеде «КиевСтратПро» сарапшысы Тарас Козуб, Украина саясаты институтының жетекшісі Константин Бондаренко және белгілі саясаттанушы һәм шығыстанушы Сұлтан Әкімбековке қойып көрді. Youtube арнасында жарияланған саясаттанушылардың пікірлерін ықшамдап ұсынып отырмыз.



Сұлтан ӘКІМБЕКОВ



Константин БОНДАРЕНКО



Тарас КОЗУБ

ҚАЗАҚСТАН VS УКРАИНА:



Сұлтан ӘКІМБЕКОВ:

КСРО құрамында Қазақстан шалғайдағы республика болды. Қытаймен арадағы шекара жабық тұрды, яғни классикалық үлгідегі лэнд-лоу кантри – КСРО-ның бір провинциясы еді. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан кенеттен түрлі процестердің дәл ортасында қалды. Сол кезде АҚШ, Қытай, Ресей сияқты алып державалардың мүддесі осы Орталық Азияда қайшыласты. 1990–2000 жылдары әлемдегі алпауыттар аймақта белсенді әрекет етті. Бұл үрдіске Үндістаннан бастап Иран, Пәкістан, Түркия, Еуропа Одағы қосылды. Содан бері геосаяси күрес тоқтаған жоқ. Жаңа деңгейге өтті десек те, 90-жылдан бері геосаяси текетірес Орталық Азияда толастаған емес. Біз осы текетірестің дәл ортасындамыз. Әлгі мемлекеттер жаһандық деңгейде өзара түрлі қарым-қатынаста болса, біздің аймақтағы олардың іс-қимылы «кілем астындағы кескілескен күрес» сипатында. 90-жылдары Ауғанстанда сондай текетірестің ашық кеткенін үрейлене бақылады. Егер біз де дәл сондай геосаяси күрестің нысанына айналсақ, жағдайдың қиын болатынын түсіндік. Біздің мемлекеттің көпвекторлық саясаты осыны есепке алды. Әлгі үш алып пен аймақтағы ұсақ державалар өзара күресін біздің территорияда жүргізгеннен гөрі, Қазақстан мемлекетінің назарын аударуға күш салғаны керек болды. Міне, осындай субъективтілікті сақтау маңызды еді. Бізде қатан орталық, билік вертикалі қалыптасты. Бірақ салыстыра кетсек, аймақта биліктің одан да қатан үлгілері бар. Мәселен, Түрікменстан, осы кезге дейінгі Өзбекстан да ештеңе өзгерткен жоқ. Біз орталық билік вертикалін сақтау, экономикалық даму жолына түстік. Елімізді жаңғырту тұжырымдамасы Сингапур, Оңтүстік Корея, Малайзия елдерінің азиялық даму үлгісіне сүйенді. Бұл оңай жол емес екені түсінікті. Соңғы кезде бұған наразылық білдірушілер шыға бастады. Біреулер бір жағына шығып, американ немесе ресейлік позицияны ұстанатын кез келді дейді. Әйтсе де, біз теле-тендікті сақтауымыз қажет.

Еуразия экономикалық одағына келсек, әу баста негізгі идея халқы 200 миллионға жуық үлкен нарыққа шығудың тиімділігінде еді. Соның ішінде құрлықтық Азияда транзитті жолға қоюдың артықшылығы есепке алынды. Бірақ біз Ресейдегі бюрократияның тым күшті екенін ескермедік. Бізде де бюрократия бар. Әйтсе де ол либералдық экономикалық ахуалға бейімделген. Ресей тауар ағынын тоқтата алады. Кеден Одағының парадоксы мынада: Ресейден келетін тауар импортының Қазақстанда күрт көбейді. Экспорттағы тепе-теңдік туралы ешкім сөз қозғамайды. Біздің дүкендерде ресейлік тауар толып тұр. Елімізде ұсақ өндірушілер көп. Олар көрші елдегі ірі компанияларға төтеп бере алмайды. Жекелеген тауарды өткізу тіпті қиын. Стратегиялық тұрғыда біз бүкіл құжатты бірлесе қайта қарауымыз керек. Соңғы жылдары Ресей ЕАЭО-ны трансформациялағысы келеді. Айта кету керек, Президент Қ.Тоқаев өткенде мәселенің осы жағын қатты сынға алды. Одақ экономикалық жағынан маңызды. Бірақ әрмен қарайғы бағыттарды нақты белгілеп алуымыз керек.

Меніңше, қазір жаһандану белгілі бір деңгейге жетті, ары қарай кенейе алмайды. Қазіргі модель АҚШ-қа жакпай тұр. Америка ішкі нарығын қорғауға бағыт алды. Сол сияқты басқалар да өз нарығын, өз мүддесін қорғауға тырысады.

Біз үшін геосаяси емес, геоэкономикалық форматтағы саясатты жалғастыру маңызды болмақ. Құрлықаралық сауданың болашағы зор. Біздегі орталықтандырылған билік Ресей, Қытай және АҚШ-пен қарым-қатынаста маневр жасауға мүмкіндік береді. Дегенмен, жаһандану бәрібір тиімді болып қалады. Ал Украинаның жағдайы мүшкілдеу. Меніңше, Украинаны Ресейге балама ретінде көргісі келетіндер бар. Құрдымға құлатпайды. Бірақ өз бетінше дамуға да

мүмкіндік бермейді. Біз үшін Украина «бұлай жасауға болмайды» деген тәжірибе деп айтар едім.

Константин БОНДАРЕНКО:

Украина 30 жыл ішінде Батыс пен Ресей арасында «тербелді». Л. Кучма басқарып тұрғанда ол алдымен Мәскеуге, одан кейін Вашингтонға, сосын Брюссельге барып, уәдені үйіп-төгіп қайтатын. Көпвекторлық уәде беру саясаты. Бірақ сөзінде тұрмау позициясы 2014 жылға дейін жалғасты. Ақырында 2014 жылы Украина АҚШ-тың «бақылауына» өтіп тынды. Өкінішке қарай, бүгін Украина мемлекеттердің де субъектісі емес, аймақта да көшбасшы емес. Украина текетірес шырмауында қалды. Ресеймен арасы нашарлады. Сондай-ақ белгілі бір деңгейде Польша, Беларусь, Венгрия Румыния және тағы басқалармен екі жақты қарым-қатынасқа әсер ететін кикілжіңдер бар. Қазақстан бүгінде көршілердің саясатына, түрлі альянс және одақтардағы мемлекеттердің ұстанымына ықпал ете алса, ал Украина 1990–2000 жылдарда құрылған одақ және бірлестіктерде пәлендей рөл атқармайды. Украина бұл жағынан мақтана алмайды. Қазір ол үлкен Пуэрто-Рико сияқты. Сыртқы саясатында, тіпті ішкі кадр мәселесінде де АҚШ-қа тәуелді. Әрбір ірі басылыққа тағайындау жөнінде Вашингтонмен келіседі. Бірте-бірте мемлекеттік монополиядан айырылуда. Осы монополиялардағы маңызды басшылық орындарға шетелдіктер жайғаса бастады. Өкінішке қарай, бүгінгі осы ахуал өзгереді деп айта алмаймыз.

Қазақстан өз көршілерімен тариф саясаты жөнінде, қай бағытта даму керектігі жөнінде пікірталасқа түсе алады. Кіммен достасу керектігін де өзі шешеді. Украинада ондай мүмкіндік жоқ. Украина саясатына кім көбірек ықпал етеді: Вашингтондағы ресми мемлекеттік департамент пе, әлде Вашингтонға қарасты транслттық корпорациялар ма? Мәселе осында. Бұл бағытта қызу пікірталас жүріп жатыр. Бұл тұрғыдан Қазақстан мен Украина салыстыруға да келмейді. Қазақстан анағұрлым қолайлы жағдайда.

Коронавирустан кейінгі даму жолын іздеуге келсек, жіберген қателіктерді жою, қандай да бір мән-мағынаны іздеу міндеті тұр. Енді әлем

бұрынғыдай болмайды дейді. Әйтсе де, ешкім оның қандай болатынын айта да алмайды. Ірі мемлекеттер арасында тартыс күшейеді. Әсіресе, АҚШ пен Қытай арасында. Бұл қандай да бір жағдайда осы гегемон елдермен байланысы бар мемлекеттер үшін қиындық тудырады.

Қазір Украина «Батыстың соңынан ес-түссіз еруге бола ма?» деген сауалға жауап іздеуде. Үкімет басшысының орынбасары Еуроодақпен қарым-қатынас шарттарын қайта қарау қажеттігін мәлімдеді. Басқа бағытқа, мәселен, Кара теңіз – Каспий сауда-экономикалық ынтымақтастығына ден қою керек пе? Ондай жағдайда Украина Қазақстанмен тығыз қарым-қатынас орнатады.

Тарас КОЗУБ:

Қазақстанмен ұқсаспыз десек те, ол бізден 5–10 жыл озып кетті. Ал біз екі жақтан құда түскен қалыңдық сияқтымыз. Ақырында таңдаған «күйеу жігіттіміз» алдап соқты.

Біз Еуроодақпен біржақты жұмыс істейтін қауымдастық келісіміне иеміз. Тығыз интеграцияны жақтайтындар бізде визасыз режим бар деп айтады. Еуроодақ елдеріне баруға болады. Оларға салсақ, Еуропаның шектеусіз экономикалық көмегіне арқа сүйей аламыз. Еуропалық құндылықтар орнығып келеді. Дегенмен жұрт күткендей болмады. Экономикалық тұрғыдан уағдаластықтар бар. Бірақ олар бізге қызық емес. Жыл басында өзіміз таңдайтын сауда квоталары өз алдына бөлек әнтіме. Бір мысал айтайын. Менің әкем бал арасын өсіреді. Қазір бұл істі тастады. Оның бірнеше омартасы бар еді. Бал бойынша квота жана жылдан кейін бір апта ішінде белгіленеді. Осыдан кейін кәдуілгі тарифпен сатылуы тиіс. Демек экономикалық тұрғыдан тиімсіз.

Украин элитасында қазірдің өзінде еуроскептикалық көңіл-құй ауаны байқалып тұр. Мен бірнеше күн бұрын Жоғарғы Рададағы «Халық қалаулылары» фракциясы депутаттарымен сөйлестім. Олар украин ұлттық тауар өндірушілерді қорғау үшін тосқауыл бажын енгізуді ашық айтып отыр.

Олар «украин тауарларына келергі қойылса, біздің қай жеріміз кем» дейді. Дегенмен біздің экономика біржола құрдымға кетпейді.

Сонымен алдағы жарты жылда не күтіп тұр?

Алдағы қараша айында АҚШ-та президент сайлауы өтеді. Украинаның жағдайы кімнің жеңіске жетуіне байланысты. Кім жеңсе де, жағдайымыз мүшкіл. Өйткені Украина десе, қазір америкалық саясаткерлер дірілдеп-қалшылдап кетеді. Ал Қазақстанның маневр жасауға мүмкіндігі көбірек. Аймақтағы көшбасшы. Мықты базасы бар Қытаймен ынтымақтастық орнатқан. Қандай да бір үрдістерде көршілермен тығыз байланыста. Коронавирустан кейін қай елдің қандай күйге түсетіні дәл қазір шешіліп жатыр. Қазақстанның жағдайы анағұрлым жақсырақ.

Жазып алған Талап ТІЛЕГЕН



Андрей БУЗАРОВ



ЕУРОПАДА НӘСІЛШІЛДІККЕ ҚАРСЫ ШЕРУЛЕР



Foto: iStockphoto

Foto: aa.com.tr



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

MEGAPOLIS

Иман айнасы

АЛЫП МЕШІТ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Шымкентте 8 мың адамға арналған үлкен мешіт салынып жатыр. Сәулетті мешіт Шымкенттің жаңа өкімшілік іскерлік аймағында бой көтеруде.

Жеке инвестор есебінен салынып жатқан мешіт кешенінде автокөлік паркінгі, күннен қуат алатын құрылғы қойылады. 8 мың адамға арналған әулім мешіттің құрылысын «Мұнай Құрылыс Сервис» ЖШС жүргізіп жатыр. Сонымен қатар, мұнда мұсылмандық жора жасайтын орын, конгресс-холл, тамактануға арналған зал, неке сарайы, исламдық білім беру орталығы, медресе, кітапхана мен өкімшілік — 12 гектар аумақты алса, ал автотұраққа арналған жалпы жер көлемі 218,8 x 58,8 метрді құрайды. Мешіттің төрт мұнарасы бар. Ал негізгі күмбездің биіктігі — 56 метр. Жауапты мамандардың мәлімдеуінше, қазіргі таңда мешітте құрылыс қызу жүруде.




Биыл онда негізгі құрылыс жұмысы толық аяқталмақ. Келесі жылы сыртқы және ішкі әрлеу жұмысы жүргізіледі.

Айта кеткен жөн, сәулетті мешіт 2021 жылы сәуір айында, яғни Рамазан айы қарсаңында ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда. Өткен аптада аталған 8000 орындық жаңа мешітте тазалық шарасы ұйымдастырылды.

Шымкент қаласының Бас имамы Бакдәулет Әбдірахмановтың жетекшілігімен өткен тазалық шарасына Абай, Әл Фараби, Енбекші және Қаратау ауданындағы мешіт имамдары мен «Зекет» қоры, «Жастар секторы» өкілдерінің мүшелері қатысты. Бас имамның айтуынша, бұл игі іс айына бір рет ерікті түрде өткізіліп тұрады.

Даму

Үшінші мегаполисте жолаушыларды тасымалдау саласы түбегейлі жаңарады. Жақында қоғамдық көлік жүйесінің жаңа тұжырымдамасы қабылданып, бұл салада өзгеріс басталып кетті. Шымқаладағы қоғамдық көлік жүйесі жаңа автобустармен толығып, жаңа аялдамалар орнатылуда. Осы жөне өзге де жаңалық туралы сала мамандары БАҚ өкілдеріне жан-жақты мәлімет берді.



Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Максұт Исахов: «Шымкент қаласында қоғамдық көлік саласы әлеуметтік маңызы бар мәселе болып табылады. Тұжырымдаманың қабылдануы, салаға түбегейлі өзгеріс енгізу — бірден қабылданған шешім емес. Қалада жолаушылар тасымалының жұмысын жақсарту мақсатында жыл басынан бері мамандар тарапынан зерттеу мен талдау жұмысы жүрді. Алдымен online-режимінде қала

Қалада қоғамдық тасымалдау саласында 1047 кестемен 76 бағыт, оның ішінде 836 кестесімен 63 автобус, 211 кестемен 13 шағын автобус қатынайды. Жолаушыларды тасымалдау қызметін 24 көлік компаниясы жүзеге асырады. Мамандармен бірлесіп зерделеу барысында қажетсіз маршруттар бар екені анықталды. Енді олардың біразын алып тастап, кейбіріне өзгерту енгіземіз.



Осылардың есебінен, автобус бармаған шалғайдағы елді мекендерге жаңа бағыттар жолаушыларға қызмет етеді».

ЭЛЕКТРОНДЫ БИЛЕТ

Ендігі мәселе — субсидия. Егер жолаушыларды тасымалдайтын көлік субсидияланбаса, тәртіпсіз жүргізуші, ескі автобус, уақытты жүрмейтін көлік

алады. Мәселен, картамен жолақыны — 70 тенге, колма-кол ақшамен — 100 тенге төлейді. Не болмаса, электронды картамен төлеуге ынталандыруда түрлі жеңілдік алады. Бүгінгі таңда Шымкентте осы картамен 14 мың адамның тегін жүруге мүмкіндігі болады.

Көлік картасының бағасы — 500 тенге. Картаның 4 түрі бар. Олар — жалпы пайдаланатын карта, оқушылар картасы, студенттік карта және тегін жүру картасы. Ал аталған жүйені қолға алған QazSmartTrans ЖШС тарапынан көлік картасы Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне, тыл еңбеккерлеріне («Ерен еңбегі үшін медалімен» марапатталғандар), «Батыр ана», «Алтын алқа», «Күміс алқа» төсбелгілерімен марапатталғандар мен I-топтары көру қабілеті нашар зағип жандарға тегін таратылады.

Электрондық жүйенің жолаушыларға тиімді мынадай тұстарын да қарастырып жатқанға ұқсайды. Мысалы, жолаушы диттеген орнына

Бағасы 900 мың мен 2 миллион тенге аралығын камтиды. Халықаралық талапқа сәйкес, аялдамада сауда жүйесі болмауы тиіс. Ол автобустың қозғалысы мен қауіпсіздігіне кедергі келтіреді. Сонымен қатар тазалық тұрғысынан да талапқа сай келмейді. Қазір қойылып жатқан әйнек аялдамалар төзімді материалдан жасалғандықтан сынбайды, орындықтары ағаш-полимерлі композициядан құралған. Олардың бағасы бүгін-ертен қымбат делінгенімен, сапасы тұрғысынан ұзақ жылдарға жарамды.

Жаңа аялдамалар бұрынғысынан сынбайтын терезесімен ерекшеленеді.

Сондай-ақ аялдаманың ені бұрын 60 см болса, қазіргісі 40 см болып қысқарады. Бұл тұрғылықты үй-жайы жоқ азаматтар аялдаманы паналамау үшін жасалған.

Қоғамдық көлік жүйесін жаңарту кезінде атқарылған жұмыс нәтижесі шалғай елді мекенге әлі де болса, 1200 қоғамдық көлік аялдамасы



сияқты түйткілер қаншалықты жаңалық енгізгенімен, сол күйінде қалады. Сондықтан да Шымкентте қоғамдық тасымалдау саласы түбегейлі өзгерісті қажет етті.

Бұл орайда Максұт Пернебайұлының пікірі мынадай: «Қазіргі таңда, электронды билеттендіруді QazSmartTrans ЖШС өз қаражаты есебінен жүзеге асырып жатыр. Бұл жүйе шілде айының аяғында іске қосылады. Электрондық билеттің артықшылықтары өте көп. Осы кезге дейін жолаушылар тасымалдаушы компанияларға қаншама шағым айтса да, заңды тұрғыдан ешбір шара қолданылмады. Оған тетік те болмады. Олар жауапты мамандардың ескертуімен жұмысын одан әрі жақсартыра берді. Жоғарыда айтып өткенімдей, субсидиялауды енгізіп, цифрлық жүйеге бет бұрғанда ғана компанияларға талап қоя аламыз, қанша адам тасымалдағанын тайға таңба басқандай көруге мүмкіндік бар.

Содан кейін, жолаушылар тасымалы тарапынан түсіп жатқан табысты «көленкеден» шығарамыз. Күні бүгін тасымалдаушы компаниялар қанша ақша табатынын білмейміз. Кезінде осы жаңа жүйені Алматы қаласында іске қосқанда, бюджетке түсетін салық көлемі бір жылда 1-1,2 есе артқаны анықталды».

Электронды билеттің тағы бір жетістігі — жолаушылар әртараптандырылған төлем жасай

жету үшін екі автобуска отыруы қажет делік. Осы тұста, картаның көмегімен келесі ауысып мінген автобусында 40 минут немесе 1 сағат аралығында (бұл қазір нақтылану үстінде) тегін жүре алады.

Бұл жүйенің жолаушылар үшін тиімді тұсы көп екені көрініп-ақ тұр. Сондықтан тасымалдаушы компаниялардың цифрландыруға бет бұрғаны жөн.

«Бүгінгі күні шаһарда қоғамдық транспорт саласындағы көліктің 30 пайызы жаңарды. Шымкентте «2018-2020 жылдарға арналған

қажет екенін көрсетті. Бұл мәселе алдағы 4-5 жыл ішінде кезең-кезеңімен шешіледі. Жыл соңына дейін осындай 260 аялдама қою жоспарланған.

P.S.

Сала мамандарының сөзінен пайымдағанымыз, еліміздің үшінші мегаполисінде жолаушы тасымалы саласында қоғамдық көлікке басымдық беру бойынша жаңа жоба қолға алынбақ. Ол үшін автобуска көшеде арнайы жолақ енгізу мәселесі сараланып жатыр. Бұл халықтың талқысына салынады. Әлеуметтік маңызы бар қоғамдық көлік саласындағы түйткілді мәселе рет-ретімен шешімін таппақ. Қалаға 50 жаңа автобус әкелінді. Отандық автобустар жаңа бағытта жұмыс



автобус көлігін дамыту» кешенді бағдарламасы аясында жылжымалы құрамды жаңарту механизмі жасалған. «БК Шымкент» жобасының операторы жасаған лизинг шартына сәйкес, өткен жылы 300 автобус сатып алынды. Осы жылы метан газымен жұмыс істейтін 590 автобус сатып алуға келісімшарт жасалып, ол көліктер жыл соңына дейін жеткізіледі. Сондықтан автобустарды жаңарту мәселесі кезең-кезеңімен іске аспақ. Ал шалғай аудандардан жолаушы жеткізу мақсатында әлеуметтік маңызы бар 28 маршрут ашылды. Бұл бағыт Ақжар, Ақтас, Шапырашты, Өтеміс, Ялта, Жыланбұзған, Айнатас, Абдулабад, Достық, Алтынтөбе, Жанаталап, Көкбұлақ шағын аудандарына қатынайды», — деп атап өтті М.Исахов.

ӘЙНЕК АЯЛДАМА

Қазіргі таңда қалада екі типтегі аялдама қойылып жатыр. Бұрынғыдан ерекшелігі — маңайында ешқандай сауда нүктесі болмайды.

істейді. Бұдан былай жолаушы жол ақысын төлем картасымен төлейді. Төлем картасы тамыз айынан бастап, 500 теңгеден сауда орталығы мен дүкенде сатыла бастайды. Қаламызға жыл аяғына дейін 590 автобус әкелінеді деп жоспарланып отыр. Сол кезде шымкенттіктер иін тіресіп, мініп-түсіп жүрген шағын автобус біртіндеп айналымнан шығарылады. 26 орындыққа арналған экологиялық таза автобус жолаушыға жайлы. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да ыңғайлы. 14 мың тегін төлем картасы: соғыс ардагерлеріне, Алтын алқа мен Күміс алқа иелеріне, мүмкіндігі шектеулі жандарға беріледі. Ал студенттерге 11 жоғары және арнаулы оқу орындарында үлестіріледі. М.Исаховтың айтуынша, 17 бағыт жабылып, 14 жаңа бағыт ашылады.

Бетті дайындаған Мәриям АЙТБАЙ, Шымкент қаласы

Газетіміздің өткен санында «59-баппен жазаланғандар қашан ақталады?» деген материал бергенбіз. Бүгінгі әңгіме нәубет жылдары жазаланған медицина маманы, дәрігер, Алаш қайраткері Жұмағали Тілеулин туралы. 2018 жылдың соңына таман Көкшетау қаласының

Левон Мирзоян көшесіне Алаш қайраткері Жұмағали Тілеулиннің есімі берілді. Бұл тарихи тұлға туралы көпшілік біле бермейді. Жазықсыз құрбан болған аяулы жанның қилы да қиын тағдырын жас ұрпақтың білгені абзал. Алаш қайраткерінің аумалы-төкпелі тағдырын немере інісі Бекет Тілеулиннің аузынан жазып алдық.

Менің атам Тілеулі мен әжем Ерке екеуі Шаймерден, Мұқаш, Есім, Сапи (*менің әкем*) және кенжесі Жұмағали есімді бес ұл тәрбиелеп өсіреді. Жұмағали бала кезінде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов ауданының Жаманшұбар ауылында молдалан сауат ашып, білім алды. Жасынан білімге құштар баланың алғырлығы мен зеректігін көрген ағасы Шаймерден оны Қаратал ауылындағы өзінің досы Құсайын Темірбековке орыс-қазақ мектебіне білім алуға береді. Арабша, орысша білімді Жұмағали дәрігер Құсайынның (*халық арасында оны солай атаған*) ақыл-көнесімен Омбыдағы әскери-фельдшерлік мектепке оқуға түседі. Оны 1913 жылы тәмамдайды. Мектеп бітірген соң ауылда жұмыс істеп, кейін Құсайын Темірбековтің рұқсатымен оның қызы Райханға үйленіп, Петропавл қаласына кетеді. Сол жерде жары екеуі үш ұл тәрбиелеп өсіріп, қиын тағдырды бастарынан кешіреді. 1938 жылдың 17 ақпанында ішкі істер халық комитеті баскармасы үштігінің қаулысымен «халық жауы» ретінде ату жазасына кесілді. Атамыздың өмір жолы шынында да, қилы да ауыр болды. Ол ағарту ісіне, денсаулық сақтау саласына, сонымен бірге мемлекеттік және қоғамдық орындарда қызмет еткен қайраткер. Ол «Алаш Орда» қозғалысының белді өкілі болды. Тарихтан белгілі, бұл қозғалыстың көздеген мақсаты — қазақ мәдениетін, қазақ тілін дамытып, қазақ жастарының білім алуын алға қою еді. Ең бастысы, олар Алаш автономиясын құруды қажет деп санады. Бұл партияның қайраткерлері қазақ халқына қызмет ету бағытында көп еңбек сіңірсе де, соны қайғылы аяқталды. Саяси партияның белді өкілдерінің ішінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыровпен бірге Жұмағали Тілеулин болды.

Петропавлда уездік дәрігер болып жүргенде «Алаш» партиясының болашақ көшбасшылары М.Дулатовпен, М.Жұмабаевпен танысады. Бұл достық олардың өмірінің соңына дейін жалғасады. М.Дулатов 1909 жылы «Оян, қазақ!» атты кітап жазалы. Тарихқа үнілетін болсак, мұндай кітапты патша үкіметі тұсында жазуға болмайтын. М.Дулатовтың сұрауымен бұл кітаптың бір мың данасын Ж.Тілеулин ешқандай қауіпке қарамастан, өз үйінде тығып ұстайды. 1918 жылы Алаш орда мүшесі ретінде тұтқындалып, Петропавл түрмесіне қамауға алынады. Мағжан Жұмабаев оған жасырын түрде «... ға», яғни «Жұмағалиға» өлеңін шығарады. Біраз уақыттан кейін бостандыққа шығады.



Өткен ғасырдың 20-шы жылдары елімізде мұғалім кадрлары өте тапшы еді. Жұмағали уездік фельдшерлік ауруханада негізгі жұмысын аткарып жүрсе де, қысқа мерзімде мұғалімдер даярлау курстарында сабақ беріп жүрді. 1922 жылдың қазанында Ақмола губерниясының қазақ мектептері үшін мұғалімдер дайындайтын үш жылдық педкурс ашу туралы шешім қабылданып, Ж.Тілеулин осы курстың меңгерушісі болып тағайындалады. Кейін бұл курстар педагогикалық техникум болып қайта құрылады.

Жұмағали Тілеулин Петропавл қаласындағы сол қазақ педагогикалық техникумының алғашқы директоры болған. Қазір ол оқу орны М.Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжі деп аталады. Ондағы мұражайда Мағжан Жұмабаев пен Жұмағали Тілеулин жайында көп тарихи материал сақталған. Ол кезде мұғалімдерді оқытатын мекеме, жатақхана, жиһаз жетіспеушілігі, қаржы тапшылығы, оқытушы кадрлардың тапшылығы секілді түйін шаш етектен еді. Оқытушылыққа кеңес мекемелерінің жұмысшылары шақырылған. Ал Тілеулин өзі тарих, жаратылыстану және педагогика пәндерінен сабақ беріпті. Курсқа қатысушылар Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар және Шарлық уездерінен болған. Ол техникум директоры қызметін аткарып жүрген кезінде де оқу-материалдық базасын нығайту үшін біраз жұмыстың басын қайырды. Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін енгізді, алқалық шешімдер қабылдау үшін шаруашылық-санитарлық комиссия құрды.

1924 жылы Жұмағали Тілеулин техникумға танымал композитор Иван Копыты музыка және ән сабағынан оқытушы етіп



ҚҰҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚ ДӘРІГЕРІ

жұмысқа алады. Ол 50-ден астам оқушы мұғалімдердің қатысуымен төрт дауысты қазақ ұлттық хорын құрады. Олардың ішінде есімдері халыққа танылған Шахмет Құсайынов пен Жұмағали Саин болады. Бұл хор облыстық, аудандық сайыстарда үлкен жетістікті бағындырады. 1928 жылы хор бүкілресейлік орталық атқару комитетінің қазақ өкілдігінің шақыртуымен Мәскеуге барады. Хорды БОАК-ның жанындағы ҚазКСР-нің тұрақты өкілі және президиум мүшесі болып жұмыс істеген мемлекет қайраткері А.Досов шақырған екен.

Техникумда қазақ тіліндегі оқулық пен оқу құралдарын дайындап шығаруға барлық мұғалім жұмылдырылады. Ж.Тілеулиннің өзі 1922-1927 жылдары оқулықты орыс тілінен қазақ тіліне аударып, жариялады және медицина жөнінде де кітап шығарды. Негізгі мамандығы фельдшер болғандықтан, Орынборда «Гигиена», «Денсаулық», Мәскеуде «Жұпалы аурулар», «Қышыма» атты кітап шығарады. 1927 жылы Қызылордада «Гигиена» кітабын екінші рет қайта басып шығарады. Халықты салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, денсаулық саласы бойынша ағарту жұмысын жүргізу мақсатында медициналық мазмұндағы кітаптарды аударды. Жалпы ағарту ісіне қатысты көптеген мақала жазып, жариялады. Жоғары органдарда жұмыс істеген



жұмысына қарамастан, ол ғылыммен, қоғамдық-саяси және журналистік жұмыспен де айналысты, туған өлкені зерттеу және тарихи анықтамалық жинақ шығаруға арналған ғылыми-әдістемелік кеңестің мүшесі болды. Бұл кеңес мүшелері тарихи құнды дерек жинаған. Осындай зерттеудің бірінде арнайы құрылған комиссия құрамында жүріп, Тілеулиннің тобы Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысы, 1916, 1921 жылдардағы көтеріліс туралы құнды мәліметтерге кезігеді.

1911 жылы өзінің жазғандарын Қазақстанның ең алғашқы баспа — «Айқап» журналында шығарып жүрді. 1913 жылдан бастап Орынборда Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов шығарған «Қазақ» газетінің де белсенді тілшісі болды. Өзінің мақалаларын «Жаңа мектеп», «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі» журналдарында да басқан. Оның өзі де, сол уақытта оның замандастары да көптеген мақала жазыпты.

1917 жылдың 1-12 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне 800-ден астам делегат қатысып, оған Ақмола губерниясынан Мағжан Жұмабаев пен Жұмағали Тілеулин барады. Осы съезде және Орынборда 1917 жылдың 21-26 маусым аралығында өткен бүкілқазақстандық съезде ұлттық автономия туралы мәселе қозғалып, ұлттық-аумақтық-федеративтік бастауы бар демократиялық республика құру мәселесі көтеріледі.

Съезде Ақмола облысында 10 адамнан тұратын депутаттардың, оның ішінде Ж.Тілеулин бар, құрылтай жиналысын өткізіп тұру айтылады. Осы жиналыста «Алаш» атты қазақтың жана саяси партиясы құрылады. Оны қазақ либералды-демократиялық зиялы қауым жетекшілері басқарып, құрамына М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, М.Жұмабаев, Ж.Тілеулин және тағы басқалары кірді. «Алаш» партиясының уездік комитеттері құрыла бастады. Петропавл уездік комитетінің жетекшілері болып Ж.Тілеулин мен С.Күсемісов сайланды. «Алаш» партиясы құрылтай жиналысын ұйымдастырып отыру керек болды. Бірақ 1918 жылғы 6 қаңтарда большевиктер жиынді болғызбай, барлығын таркатып жіберді. Дәл осы уақытта Ж.Тілеулин тұтқындалып, абақтыға қамауға алынды.

1920 жылдың 5 наурызында қырғыз аймағын басқару жөніндегі әскери-

революциялық комитет «Алаш-Орда» үкіметінің жойылғандығы туралы хабарлады. 1925 жылдан бастап ресми үкімет қазақтың зиялы қауымының өкілдерін қоғамдық-саяси жұмысқа араластырмай, мерзімді басылым беттерінде саяси тақырыпта мақала жариялауға тыйым салды. Оларды басшылық ететін орындарынан алып, оқытушылық, мәдениет жұмысына ауыстырды. Қазақ КСР-ын Голощекин мен Мирзоян басқарған 20-ыншы жылдардың соңы мен 30-ыншы жылдардың орта тұсында зиялы қауым өкілін қудалау басталды. Жазықсыз жандарды жалған айыптаумен кінәлап, тұтқындай бастады. 1930 жылдың 5-ші маусымында Ж.Тілеулин де тұтқындалып, Петропавлдағы түрмеге қамалды, сол жылдың 2 тамызында босатылды. Алайда 1931 жылдың қаңтарында қайта тұтқындалып, Алматыға жіберіледі. 1932 жылдың 20 сәуірінде Ж.Тілеулин және «Алаш Орда» қозғалысының басқа да белсенді мүшелері 5 жылға сотталып, Воронеж облысына айдалып кете барады.

Сол жақта жүріп ол Белозер аудандық ауруханасында жұмыс істейді, медицина

тақырыбында мақала жазып тұрады. Ал оның отбасы қудалаудан қауіптеніп, Ташкент қаласына көшіп кетеді. Жер аудару мерзімі аяқталған соң, оны Қырғызстанға жібереді. Онда ол Фрунзе қаласындағы аудандық ауруханаға жұмысқа орналасады. 1936 жылдан Новотроицк аудандық ауруханасында меңгеруші болып жұмыс істейді. Көп өтпей қаһарынан қан тамған 1938 жыл келеді. Сол жылдың 17 қаңтарында Ж.Тілеулин қайтадан тұтқындалады.

Бұл жайлы оның кіші ұлы Серік еске алады. Өзін тұтқындап әкетіп бара жатқанын көрген әкесі баласына бұл хабарды әйеліне жеткізуді тапсырыпты. Сол жылдың ақпанында Алматы облысындағы ішкі істер халық комиссариаты үштігінің қаулысымен «халық жауы» ретінде сотталып, ату жазасына кесіледі. Сонымен бірге, оны «фашистік шпион» деп айыптайды. 1938 жылдың 17 ақпанында сот үкімі орындалып, Ж.Тілеулин атылады. Бұл жайлы оның ұлы тек 20 жыл уақыт өткеннен кейін 1958 жылы ғана әкесінің қайтыс болғаны туралы куәлік пен Түркістан әскери округі трибуналынан қылмыс бөлігі анықталмағанына байланысты ақталды деген шешім келгенде бір-ақ біледі.

Осындай аяулы тұлғаның, Алаш қайраткерінің Ерік, Әзиз, Серік есімді үш баласы болған. Ерік соғысқа аттанып, майдан даласында жүргенде сырқаттанып, қаза болады. Ортаншы ұлы Әзиз да соғысқа аттанып, 1943 жылы хабар-ошарсыз кетеді. Кіші ұлы Серік соғыстан кейін Алматыдағы медициналық институтын үздік тәмамдап, аспирантураға түскісі келеді. Бірақ әкесінің «халық жауы» болғандығы үшін түсе алмай қалады. Жұмағали атамыздың әйелі Райхан апа күйеуінің қиын да қилы тағдыры мен ұлдарының қазасынан кейін қатты қиналып, денсаулығы сыр бере бастайды. Баласы Серік оны Ленинградқа апарып емдетеді. Бірақ ота жасалғаннан кейін көп ұзамай 1955 жылы қайтыс болады. Сөйтіп күйеуінің ақталғанын көре алмай кетеді. Серік кейін кандидаттық, одан соң докторлық диссертациясын қорғап, медицина саласына біраз үлесін қосты. 2017 жылы 80 жасқа толған шағында көз жұмды. Алматы қаласында екі ұлы мен екі қызы бар.

Жоғарыда сөзіміздің басында айтқанымыздай, Көкшетау қаласының бұрынғы Левон Мирзоян көшесіне Алаш қайраткері, Жұмағали Тілеулиннің ұрпақтары «Л.Мирзоянның тұсында атамызды ату жазасына кескен еді, оның атындағы көше қазір біздің атамыздың атына ауыстырылғаны — ақиқаттың жеңгені» дейді. Шынында да солай.

Жазып алған
Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы



Өз үлесіңді қос!

Биылғы жылдың 1 маусымнан бастап өлімізде теміржол қатынасы қайта жанданды. Алайда бастапқы кезеңде карантинге байланысты бекет ғимаратына шығарып салушы немесе қарсы алушылардың кіріп-шығуына тыйым салынды. Бұл шектеу ауыр жүгі бар, мүмкіндігі шектеулі немесе қарт адамдардың пойызға мініп-түсуін қиындатты. Вокзал қызметкерлері көмектесуге тырысқанымен де барлығын қамту мүмкін емес еді. Осы орайда «Самұрық-Қазына» қорының еріктілері теміржол вокзалдарындағы жағдайды біле салысымен, жолаушыларға көмекке келді. Нұр-Сұлтан қаласындағы теміржол вокзалдарында пойыз жиі келіп-кетіп тұратын уақытта күнделікті көзекшілік ұйымдастырды. Қол жүгі ауыр жолаушыларды пойыз вагонына дейін, келген адамдарды вокзал сыртындағы күтіп алушыларға жеткізіп отырды. Аталған іс-шара он күнге созылды. Себебі 10 маусымнан бастап шығарып салушылар мен күтіп алушыларға вокзалға кіру рұқсат етілді. Бұл жоғарыда аталған Қор еріктілерінің жыл басынан бері атқарған жұмысының бір бөлшегі ғана. Жалпы Қорға қарасты компаниялардың еріктілері осы уақытқа дейін 900-ден астам іс-шара ұйымдастырды.

Баршамызға белгілі өткен жыл Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен Жастар жылы деп жарияланды. Осы орайда «Самұрық-Қазына» Қорына қарасты компаниялар тобының жас дарынды және белсенді қызметкерлерін біріктіретін Jas Samuruq қозғалысы бастау алды. Жыл бойы олардың ұйымдастырумен 500-ден астам түрлі іс-шара өткізілді.


Жастарға арналған іс-шаралармен қоса, олардың қайырымдылық бастамалары да іске асырылды. Мұның ішінен еріктілік бағыты өз алдына шығып, кеңінен тарай бастады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Еріктілер жылы бұл бағыттағы жұмысты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Бұл «Жастар жылының» қисынды жалғасына айналды.

2020 жылдың басында қордың басшылығы ерікті белсенділермен бейресми жағдайда кездесіп, корпоративті еріктіліктің негіздері, әрекет ету бағыттары, іс-шаралар ұйымдастыру тәсілдері және басқа да әріптестерді осы бастамаға тарту мәселесі талқыланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Әлішер Пірметов еріктілер қордың қоржындық компаниялары қызмет ететін аймақтардың тұрғындарына, соның ішінде сала ардагерлеріне назар аудару керектігін айтты. Сондай-ақ корпоративтік еріктілік барлық қызметкерлердің басын біріктіріп, нақты мәселелерді шешуге септігін тигізу қажет екенін



UMIT
Спортта жетістікке жеткен компания еріктілері «Заманда» отбасылық аула клубының жасөспірімдеріне шеберлік сабағын өткізіп тұрады



Жұмыла көтерген жүк жеңіл немесе корпоративтік еріктілік дегеніміз не?

атап өтті. Кездесуде компаниялардағы белсенді жастарға қосымша мәртебе беру туралы шешім қабылданды. Олар компаниялардағы бірінші басшының жастар саясаты мәселелері және волонтерлік бойынша штаттан тыс кеңесшісі болып тағайындалды. Бұл компаниялардағы кез келген мәселелерді жылдам шешуге және басшылықтың ұжыммен етене жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Еріктілердің қызметі мен іс-шаралар легін үйлестіру мақсатында sknews.kz ақпараттық сайтында корпоративтік еріктіліктің бірыңғай онлайн-платформасы құрылды. Онда қазіргі өзінде компанияларда жұмыс істейтін 500-ден астам ерікті тіркеліп, түрлі іс-шараларды бірлесе жүзеге асыруда. Сондай-ақ бұл платформа тәжірибе алмасу үшін таптырмас алаңға айналды.

Еріктілерге әдістемелік қолдауды Әлеуметтік ықпалдастық және коммуникациялар орталығы, «Самұрық-Қазына» корпоративті университеті мен

жеткен қызметкерлер мектеп-интернаттарға барып шеберлік сабағын өткізеді. Карантинге байланысты жоспарымызды жанарттық. Алдағы уақытта отандастарымызға нақты көмек беретін бірқатар жобаны жүзеге асырамыз», — дейді. Атап өтер болсақ, жыл басында «Қазақстан теміржолы» АҚ қызметкерлері еліміздің түкпір-түкпіріндегі әріптестерін 2020 игі істі жүзеге асыруға шақырды. Компания



QAMQOR
«Самұрық-Қазына» еріктілері «Жеңіс» жобасы аясында соғыс және тыл ардагерлеріне көмек көрсетті

басшысы Сауат Мынбаев «КТЖ ең ірі компаниялардың бірі ретінде еріктілікке өз үлесін қосуға міндетті», — делі. Бүгінгі өзінде теміржолшылар алға қойған мақсатына жетті. Бірақ олар мұнымен тоқтап қалмақ емес.

Ал «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның барлық еншілес ұйымдарының жастары ортақ кеңес құрып, бірге жұмыс істеуді қолға алды. Өткен жылдың соңында компанияның корпоративтік орталығында «Ана мен бала ұлттық ғылыми

блогын жүргізеді. Оның әлеуметтік желідегі паракшасында 60 мыңнан астам оқырман бар. Ол «Мен үшін еріктілік — бұл қосымша әлеуметтік жауапкершілік. Бұл игі жұмысты орындау мені қанаттандырады», — дейді.

Тағы бір еріктіміз Әсел Бекбатырова әрдайым табиғатты қорғау және оны аялау үшін не істеу керектігін әрдайым насихаттап жүреді. Оның айтуынша, экологиялық еріктілікке мән беруінің үш себебі бар екен. Біріншіден, еріктіліктің ең қолжетімді түрі, жас бойынша да шектеу жоқ. Арнайы дағдылар мен білімнің немесе спорттық дайындықтың қажеті шамалы. Екіншіден, экологиялық еріктілік үлкен масштабты және міндетті түрде көптеген адамның қатысуын қажет етпейді. Үшіншіден, экологиялық волонтерлікті спортпен немесе қала сыртындағы саяхатпен оңай біріктіруге болады.

Әрине, әлемді жайлаған індеттің салдары «Самұрық-Қазына» еріктілерінің алға қойған жоспарына айтарлықтай түзетулер енгізді. Дегенмен Қор еріктілері кез келген уақытта



TAZA QAZAQSTAN
Еріктілер ағаш отырғызу акциясына қатысты

Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен көрсетеді. Шынында да, игі істерді бастама бұрын, алдымен оны қалай ұйымдастыруды, корпоративтік еріктіліктің өзіндік шектеулері мен ерекшеліктерін, жобаның сәтті өтуі үшін не істеу керектігін және басқа да көптеген мәселелерді білу маңызды.

Қордағы еріктілік «Өз үлесінді қос» ұраны аясында төрт негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады: Qamqor көмекке мұқтаждарға

қамқорлық көрсету, Umit — қоғамдық еріктілік, Asyl Mura — мәдени және тарихи еріктілік, Taza Qazaqstan — табиғатты қорғауға үлес қосу.

«Самұрық-Қазына» қорының еріктісі Айгүл Смаилова «Біз Президенттің бұл бастамасын қуана қарсы алып,

орталығының» онкологиялық бөлімі емделушілерінің тілектері жазылған ерекше ағаш пайда болды. Үш айдың ішінде компания қызметкерлері 36 балаға көмек көрсетті.

Айтпақшы, «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкері Мұхтар Фархадұлы «Қазақстанның үздік еріктісі — 2019» байқауының жеңімпазы атанды. Ол «Этникалық еріктілік» номинациясының үш көшбасшысының бірі болды.

Жалпы қорға қарасты басқа да компаниялардың еріктілері жыл басынан бері бірқатар игі бастамаларды жүзеге асыруда. Еліміз бойынша жарияланған «Біз біргеміз» акциясын қолдап, сала ардагерлері мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына азық-түлік себептерін таратты. Екінші дүниежүзілік соғысына қатысушыларды Желіс күнімен құттықтап, сый-құрмет көрсетуді назардан тыс қалдырмады. Сонымен қатар



ASYL MURA
Нұр-Сұлтандағы мектеп-интернатының оқушыларына ҚТЖ мұражайында арнайы экскурсия ұйымдастырылды

қоғамға пайдасын тигізетін игі іске өз үлесін қосуға дайын. Себебі жұмыла көтерген жүк жеңіл!

Альбина АТЕН

**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

**Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМУХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат

(Боевбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2211;

Бағасы келісім бойынша

Апталаық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.